

Бұйымдарды Болгарияға экспортқа шығару туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Өкімі 1995 жылғы 6 қараша N 440-ө

1. "Қазақстан Республикасының аумағында тауарлардың (жұмыс пен көрсетілген қызметтің) экспорты мен импортының тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 1002 P951002_ қаулысына сәйкес "Металлист" Орал зауыты" акционерлік қоғамына, Болгарияның "Арсенал" фирмасымен 1995 жылғы 22 тамыздағы N 08-1 контрактінің 1,2-қосымшаларына сәйкес жалпы сомасы 47400 АҚШ долларын алдын ала төлетіп, арнайы бұйымдарды Болгарияға экспортқа шығаруға рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі белгіленген тәртіппен лицензия берсін.

Премьер-Министр